

2005 жылғы 25-27 мамырдағы Алматы қаласындағы Ақпаратқа кіру, жұртшылықтың шешімдер қабылдау процесіне қатысуы және қоршаған ортаға қатысты мәселелер бойынша әділ сот ісін жүргізуге қол жеткізу туралы конвенция тараптарының Екінші конференциясын дайындау және өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2005 жылғы 16 мамырдағы N 124-ө
Өкімі

2005 жылғы 25-27 мамырдағы Алматы қаласындағы Ақпаратқа кіру, жұртшылықтың шешімдер қабылдау процесіне қатысуы және қоршаған ортаға қатысты мәселелер бойынша әділ сот ісін жүргізуге қол жеткізу туралы конвенция тараптарының Екінші конференциясын (бұдан әрі - Орхусс конвенциясы) дайындау мен өткізуді тиімді ұйымдастыру мақсатында:

1. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігіне Орхусс конвенциясы Хатшылығының алты мүшесінің (бұдан әрі - делегация) қонақ үйде тұруына және Женева - Алматы - Женева бағыты бойынша көліктік шығыстарына 2005 жылға арналған республикалық бюджетте 006 "Өкілдік шығындар" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен 4742611 (төрт миллион жеті жүз қырық екі мың алты жүз он бір) теңге сомасында толық көлемде қаражат бөлсін.

2. Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі конференцияның бұқаралық ақпарат құралдарында жария етілуін қамтамасыз етсін.

3. Алматы қаласының әкімі делегацияны қарсы алу және шығарып салу, Алматы қаласының әуежайы мен көшелерін безендіру, мәдени бағдарлама ұйымдастыру жөніндегі ұйымдастыру іс-шараларының орындалуын қамтамасыз етсін.

4. Осы өкімнің іске асырылуын бақылау Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігіне жүктелсін.

Премьер-Министр